

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Экономикалық теория негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Салық функциялары

- A) бөлістіру және бақылау
- B) бөлістіру және қайта бөлістіру
- C) фискалдық, реттеуші, қайта бөлу
- D) фискалдық, қайта бөлу, бақылау
- E) ынталандыру, фискалдық, бақылау

2. Меншік түрлері

- A) ұжымдық, қоғамдық
- B) акционерлік, шетелдік
- C) жеке, мемлекеттік
- D) кәсіпорындық, отбасылық
- E) акционерлік, кәсіпорындық

3. Жабық экономикалық жүйе

- A) барлық іскерлік операциялар бір ел ішінде жүретін жүйе
- B) халықаралық сыртқы экономикалық байланыстар енетін жүйе
- C) орталықтандырылған жоспарлауға негізделген жүйе
- D) дамыған ақша – тауар қатынастары бар жүйе
- E) экономиканы реттеудің нарықтық механизмдерін экономиканы мемлекеттік реттеумен ұштастыратын жүйе

4. Сұраныс заңына сәйкес, сұраныс көлемінің азаюының нәтижесі

- A) ұсыныстың көбеюінің
- B) бағаның көтерілуінің
- C) бағаның төмендеуінің
- D) ұсыныстың азаюының
- E) бағасыз фактордың іс-әрекетінің

5. Нарықтық экономика жағдайындағы тауар өндірушілер арасындағы байланыстардың негізгі нысаны

- A) шарттар жүйесі
- B) жоспарлы байланыс
- C) баспа -бас айырбас байланысы
- D) тікелей қоғамдық қатынастар
- E) телеграфтық байланыс

6. Өндіріс

- A) қоғам байлығы
- B) жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру
- C) қоғамның іс - әрекеті
- D) материалдық игіліктер мен қызметтерді өндіру процесі
- E) кез келген бизнес

7. Натуралды шаруашылық

- A) халықаралық қатынастар жүйесі
- B) қарапайым тауар өндірісінің жүйесі
- C) өндірістік игіліктер жүйесі
- D) пайдалы өнімдер нарықта сатылу үшін жасалатын ұйымдастыру – экономикалық қатынастар жүйесі
- E) адамдар өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнім жасайтын ұйымдастыру – экономикалық қатынастар жүйесі

8. Ақшаның құны анықталады

- A) ақша өндірісіне кеткен еңбекпен
- B) ақша бірлігінің алтын қорымен
- C) өтімділігімен
- D) айналымдағы ақша мөлшерімен
- E) ақша бірлігіне айырбастауға болатын тауарлар мен қызметтердің мөлшерімен

9. Жетілген бәсеке жағдайында фирма

- A) бәсеке күресінде өзі қалаған бағаны орнықтыруға қол жеткізеді
- B) нарықты жаулап алады
- C) азғана бәсекелестер саны жағдайында жұмыс істейді
- D) бәсекелесін жеңу үшін бағаны төмендетеді
- E) нарықтағы бағаның құрылуына ықпал етпейді

10. Басқа елмен сауда жасау ... мүмкіндік береді

- A) жоғары сапалы тауар алуға
- B) ресурстар көлемін кеңейтуге
- C) әлемдік бағалар деңгейін көтеруге
- D) халықаралық мамандануға
- E) қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, көбірек тауар алуға

11. Монополиялық бәсеке нарығы

- A) көптеген сатушы
- B) тек қана бір сатып алушы
- C) бірнеше сатушы
- D) аз сатып алушы
- E) тек қана бір сатушы

12. Сыртқы сауда айналымы білдіреді

- A) экспорт көлемін
- B) импорт көлемін
- C) баға
- D) ақша
- E) экспорт пен импорт соммаларын

13. Инвестициялық шығын көлеміне әсер етеді

- A) пайыз мөлшерінің деңгейі
- B) технологиядағы өзгерістер
- C) өндіріс құрал-жабдықтарының жұмыс бастылығы
- D) кәсіпкерлердің оптимистік күтулері
- E) кәсіпкерлердің пессемистік күтулері

14. Жиынтық ұсыныстың классикалық нұсқасында жиынтық сұраныс өскен жағдайда баға деңгейі

- A) өседі, нақты ЖҰӨ көлемі өзгермейді
- B) өзгермейді, ЖҰӨ көлемі көбейеді
- C) өседі, нақты ЖҰӨ көлемі азаяды
- D) көбейеді, нақты ЖҰӨ көлемі де көбейеді
- E) өзгермейді, нақты ЖҰӨ көлемі де өзгермейді

15. Капитал өндіріс факторы ретінде

- A) өндіріс құралы
- B) жұмыс күші
- C) қаржы
- D) ақша
- E) өндіріс факторы

16. Ақша айналымын реттеу, ұлттық валюта тұрақтылығын қамтамасыз ету, ортақ ақша-несие саясатын жүргізу бойынша операциялар жүргізу міндеті болып табылатын банк

- A) ипотекалық банк
- B) коммерциялық банк
- C) банк
- D) инвестициялық банк
- E) Ұлттық банк

17. Қазіргі жағдайда халықаралық саудада тауарлар арқылы жоғары шапшаңдықпен өседі

- A) тамақ өнімдері
- B) шикізат
- C) машиналар мен құрал - жабдықтар
- D) жер
- E) табиғат ресурстары

18. Халықаралық экономикалық қатынастардың субъектісі

- A) халықаралық айырбастың құралы болып табылатын ресурстар
- B) халықаралық айырбастың іске асыратын экономикалық жекелеген жақтары
- C) халықаралық еңбек бөлінісі негізделген шаруашылық байланыстарының жүйесі
- D) ақшалар, тауарлар мен қызметтер
- E) халықаралық еңбек

19. Игілікке сұраныс икемді болып табылады, сұраныстың бағалы икемділік коэффициенті

- A) $E_p^d = \infty$
- B) $E_p^d = 0$
- C) $E_p^d = 1$
- D) $E_p^d < 1$
- E) $E_p^d > 1$

20. Нарықтық инфрақұрылымның элементі болып табылатындар

- A) тауарлық және қор биржалары, еңбек биржасы, сауда үйлері
- B) әкімшіліктер, соттар, прокуратура
- C) зауыттар мен фабрикалар
- D) өндірістің материалдық жағдайы
- E) адамның өмірлік қызметінің жағдайы

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қаржылық және экономикалық есепті талдау
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ақша қаражаттары

- A) ұзақ мерзімді активтер
- B) қысқа мерзімді берешек
- C) өтелінетін несие
- D) кассадағы және банк шотындағы қолма-қол ақша
- E) қарыз қаражатының мөлшері

2. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негізі

- A) күнделікті есеп беру
- B) жылдық есеп
- C) қаржылық есеп беру
- D) ведомствалық есеп беру
- E) бухгалтерлік есеп беру

3. Материалдық шығындар сомасы мен өндірілген өнімдер құны қатынасы арқылы анықталатын көрсеткіш:

- A) материал қайтарымдылық
- B) материал сыйымдылық
- C) материалдық шығындар
- D) материалдық ресурстар
- E) материал өнімділігі

4. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына әсер ететін факторлар әрекет ету уақытына қарай бөлінуі

- A) ішкі және сыртқы
- B) тұрақты және уақытша
- C) бірқалыпты және үздіксіз
- D) қарапайым және күрделі
- E) негізгі және негізгі емес

5. Қаржылық тұрақтылық дегеніміз

- A) кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі
- B) табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы
- C) әрдайым төлем қабілеттілігін кепілдендіретін кәсіпорынның белгілі бір шоттары
- D) меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы
- E) тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтауы

6. Потенциалды шығындар емес, сондай-ақ потенциалды табысты да қамтитын тәуекел түрі

- A) қаржы ағын тәуекелі
- B) ликвидтілік тәуекел
- C) баға тәуекелі
- D) несие тәуекелі
- E) нарықтық тәуекел

7. Меншікті капиталды қатыстырылған капиталға бөлгенде табылатын коэффициент

- A) тәуелділік
- B) тәуелсіздік
- C) табыстылық
- D) қаржыландыру
- E) тұрақтылық

8. Ұзақ мерзімге тартылған заемдық капиталдың коэффициенті

- A) кәсіпорын активтерінің қай бөлігі меншік капитал есебінен, қай бөлігі қарыз капитал есебінен екенін қаржылық есеп кезінде көрсетеді
- B) қаржылардың тұрақтылық әсерін талдау сатылу рентабельділігі көрсеткіші арқылы анықталады
- C) субъект иесінің салған капиталының үлесін, яғни меншік капиталының баланс жиынтығына қатынасын көрсетеді
- D) меншік капиталымен қатар ұйымның активтерін қаржыландыру үшін тартылған ұзақ мерзімді несиелердің (міндеттемелердің) үлесін көрсетеді
- E) коэффициенттік үлесі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым кәсіпорынның тәуекелділігі артады, яғни сыртқы ортаға тәуелді болады

9. Өнімдерді сатудан түскен түсім мен негізгі құралдар орташа жылдық құны арқылы анықталатын көрсеткіш:

- A) қор рентабельділігі
- B) қор сыйымдылығы
- C) қор қайтарымдылығы
- D) қормен қаруландыру
- E) негізгі құралдардың орташа құны

10. Қаржылық тұрақтылық көрсеткіші

- A) тәуелсіз коэффициент
- B) сату тиімділігі, негізгі капитал тиімділігі
- C) заемдық құрал үлесі капиталдың соммасында, негізгі капитал өтімділігі
- D) ағымдық өтімділік коэффициент, заемдық және негізгі құралдардың коэффициенті
- E) негізгі капиталмен заемдық капитал қарым қатынасы, заемдық құралдардың үлесі, дебиторлық берешектің айналымдық коэффициенті

11. Қаржылық талдаудың қорытынды кезеңі

- A) кәсіпорынның банкроттылығы
- B) кәсіпорынның іскерлік белсенділігін талдау
- C) кәсіпорынның тәуекелділігі
- D) кәсіпорынның банкроттылығы, кәсіпорынның тәуекелділігі
- E) кәсіпорынның іскерлік белсенділігі, тәуекелділігі

12. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына әсер ететін факторлардың құрылысына қарай бөлінуі

- A) ішкі және сыртқы
- B) тұрақты және уақытша
- C) бірқалыпты және үздіксіз
- D) қарапайым және күрделі
- E) негізгі және негізгі емес

13. Жалпы табыс

- A) негізгі қызметтен түсетін табыс пен негізгі емес қызметтен түсетін табыстың қосындысы
- B) салық алынғаннан кейінгі жиынтық табыстан кездейсоқ оқиғалардан болатын зиян
- C) өнімді өткізуден түскен табыстан өткізілген өнімнің өзіндік құнының айырмасы
- D) фирманың қосымша қызметінен болатын табыс
- E) түсімнен ҚҚС-ын, акциздерді шегергенде шығатын көрсеткіш

14. Искерлік белсенділік индексі

- A) өнім сатудан түскен табысының ағымдағы активтердің орташа шамасына қатынасы
- B) көрсеткіш қор қайтарымдылығын көрсетеді, пайдаланудың тиімділігін сипаттайды
- C) кәсіпорынның ырғақты қызмет етуі үшін ақша қаражаты қозғалысының жылдамдығының ерекше маңыздылығы
- D) жылына қанша рет айналу мен өндірудің толық циклі болатындығын және активтердің әрбір ақша бірлігі сатылған өнімнің қанша бірлігін әкелгенін көрсетеді
- E) айналым капиталын басқару өрісінде, кезеңдегі кәсіпорынның негізгі қызметі бойынша кәсіпкерліктің тиімділігін сипаттайды

15. Экономикалық талдаудың басқару элементтері

- A) зерттеу, құрастыру, бекіту
- B) жоспарлау, бақылау, орындау
- C) құру, бекіту, атқару
- D) бақылау, талдау, реттеу, орындау
- E) жоспарлау, бөлу, бақылау, талдау, реттеу

16. Базистік тәсіл кезінде

- A) әр кезекті жыл тұрақты бір жылмен салыстырылады
- B) әр кезекті жыл өз алдындағы жылмен салыстырылады
- C) қорытынды көрсеткішке жекелеген факторлардың тигізетін әсерлері анықталады
- D) кәсіпорын қызметінің белгілі бір элементі, бөлімі толық, жан-жақты зерттеледі
- E) кәсіпорынның ішкі бөлімшелерінің шаруашылық қызметтерінің нәтижелері өзара салыстырылады

17. Кәсіпорынның айналым қаржылар құрамына кіреді

- A) айналым және айналу қорлары
- B) қор берушілік, қорсыйымдылық
- C) өндіріс қорлары, станоктар, агрегаттар
- D) аяқталмаған өндіріс, қоймадағы дайын өнім
- E) материалдар, қосымша бөлшектер қорлары, қоймадағы дайын өнім

18. Шаруашылық қызметтің нәтижесін тез зерттеу үшін жасалатын талдау

- A) кезекті
- B) сыртқы
- C) жедел
- D) ішкі
- E) тақырыптық

19. Таза табыс пен барлық активтер қатынасы арқылы есептелінетін көрсеткіш

- A) өндірістік қорлардың табыстылығы
- B) ағымдағы активтердің табыстылығы
- C) меншікті капиталдың табыстылығы
- D) барлық активтердің табыстылығы
- E) ұзақ мерзімді активтер табыстылығы

20. Қарыздық капиталдың меншікті капиталға қатынасының коэффициентіне кері көрсеткіш

- A) қаржыландыру коэффициенті
- B) тәуелділік коэффициенті
- C) тәуелсіздік коэффициенті
- D) қаржылық тұрақтылық коэффициенті
- E) инвестициялау коэффициенті

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Жалпы капиталдың айналымдылығын анықтайтын көрсеткіштер

- A) табыс
- B) өнімді өткізуден түскен түсім
- C) шығын
- D) негізгі қорлар
- E) авансталған капитал
- F) өнім сапасы

22. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауда ішкі талдауды жүргізеді

- A) экономист
- B) акционерлер
- C) бухгалтер
- D) жабдықтаушылар
- E) құрылтайшылар
- F) инвесторлар

23. Тәуелділік коэффициентін анықтайтын көрсеткіштер

- A) меншікті капитал
- B) қарыздық капитал
- C) резервті капитал
- D) авансталған капитал
- E) негізгі қорлар
- F) жарғылық капитал

24. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсатына жатпайды

- A) қаржылық жағдайға баға беру
- B) қаржылық жағдайын төмендету
- C) активтер мен олардың қалыптасу көздері тиімділігін зерттеу
- D) кәсіпорынның табыстылығын бағалау
- E) төлем қабілеттілігін зерттеу
- F) кәсіпорынның іскерлік белсенділігін төмендету

25. Жалпы табысты анықтайтын көрсеткіштер

- A) өнімді өткізуден түскен табыс
- B) салық алынғаннан кейінгі жиынтық табыс
- C) өткізілген өнімнің өзіндік құны
- D) фирманың қосымша қызметінен болатын табыс
- E) түсімнен ҚҚС-ын, акциздерді шегергенде шығатын көрсеткіш
- F) негізгі емес қызметтен түсетін табыс

26. Тәуелсіздік коэффициентін анықтайтын көрсеткіштер

- A) меншікті капитал
- B) қарыздық капитал
- C) негізгі құралдар
- D) авансталған капитал
- E) жарғылық капитал
- F) негізгі қорлар

27. Қор қайтарымдылығын анықтайтын көрсеткіштер

- A) өнімдерді сатудан түскен түсім
- B) негізгі құралдардың бастапқы құны
- C) негізгі құралдар орташа жылдық құны
- D) қормен қаруланушылық
- E) негізгі құралдардың тозу құны
- F) өнімдерді сатып алудың шығыны

28. Материалдық ресурстарды талдаудың көрсеткіштері

- A) материал қайтарымы
- B) материалдық шығындар сомасы
- C) еңбек шығындары
- D) материал сыйымдылығы
- E) өндірілген өнімдер құны
- F) еңбек ресурстары

29. Экономикалық талдаудың басқару элементтері – бұл

- A) жоспарлау, бөлу
- B) орындау
- C) бекіту
- D) бақылау
- E) атқару
- F) талдау, реттеу

30. Негізгі қызметпен түскен табыстылықты анықтайтын көрсеткіштер

- A) сатудан түскен түсіммен
- B) жалпы табыс
- C) өнім саны
- D) кезең шығындары
- E) өзіндік құны
- F) негізгі қорлар бағасы
- G) операциялардан түскен табыс

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қаржылық тұрақтылықты талдау

Кәсіпорындарының бухгалтерлік баланс бөлімдері

мың.тг

| Баланс бөлімдері | ААҚ «Жайлау» | ААҚ «Заман» |
|-----------------------------|--------------|-------------|
| Қысқамерзімді активтер | 1234 | 543 |
| Ұзақмерзімді активтер | 1186 | 677 |
| Капитал | 823 | 787 |
| Қысқамерзімді міндеттемелер | 210 | - |
| Ұзақмерзімді міндеттемелер | 1387 | 433 |

31. Қай кәсіпорынның қаржыландыру коэффициенті қолайлы деңгейде

- A) =1 «Заман» ААҚ
- B) $\geq 0,5$ «Жайлау» ААҚ
- C) ≤ 1 «Заман» ААҚ
- D) ≥ 2 «Жайлау» ААҚ
- E) > 1 «Заман» ААҚ

32. «Жайлау» ААҚ-ның баланс валютасын анықтаңыз

- A) 2420 мың.тг.
- B) 2440 мың.тг.
- C) 2450 мың.тг.
- D) 2220 мың.тг.
- E) 2020 мың.тг.

33. «Заман» ААҚ-ның қаржыландыру коэффициентін анықтаңыз

- A) 1,6
- B) 1,8
- C) 2,0
- D) 2,2
- E) 2,4

34. «Жайлау» ААҚ-ның қаржыландыру коэффициентін анықтаңыз

- A) 0,1
- B) 0,2
- C) 0,3
- D) 0,4
- E) 0,5

35. «Заман» ААҚ-ның баланс валютасын анықтаңыз

- A) 1020 мың.тг.
- B) 1200 мың.тг.
- C) 1220 мың.тг.
- D) 1240 мың.тг.
- E) 1420 мың.тг.

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Балансты талдау

Кәсіпорындардың бухгалтерлік баланс бөлімдері

мың.тг

| Баланс бөлімдері | АҚ «Олимп» | АҚ «Омега» |
|-----------------------------|------------|------------|
| Қысқамерзімді активтер | 1000 | 1500 |
| Ұзақмерзімді активтер | 1200 | 1600 |
| Капитал | 700 | 1400 |
| Қысқамерзімді міндеттемелер | 200 | 700 |
| Ұзақмерзімді міндеттемелер | 1300 | 1000 |

36. «Омега» ААҚ-ның ағымдағы ликвидтілік коэффициентін анықтаңыз

- A) 1,94
- B) 2,14
- C) 2,44
- D) 2,54
- E) 2,84

37. «Олимп» ААҚ-ның баланс активінің сомасын анықтаңыз

- A) 1200 мың.тг.
- B) 1400 мың.тг.
- C) 1900 мың.тг.
- D) 2200 мың.тг.
- E) 2400 мың.тг.

38. Ағымдағы ликвидтілік коэффициентінің қолайлы көрсеткіші

- A) ≥ 1
- B) $\geq 0,5$
- C) ≤ 1
- D) $\geq 1,5$
- E) > 2

39. «Олимп» ААҚ-ның ағымдағы ликвидтілік коэффициентін анықтаңыз

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

40. «Омега» ААҚ-ның баланс пассивінің сомасын анықтаңыз

A) 2500 мың.тг.

B) 3000 мың.тг.

C) 3100 мың.тг.

D) 3300 мың.тг.

E) 3500 мың.тг.

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.